

Тақырыбы: «Фортепианомен сүйемелдеу арқылы орындалатын күрделі
шығармалардың әдіс-тәсілдерімен жұмыс»
(ашық сабақтық жоспары)

Нұркали Ж.Д.,
Нұр-Сұлтан қаласы,
№3 Балалар музыка мектебінің
домбыра сыныбының оқытушысы.

Сабақтың тақырыбы: Фортепианомен сүйемелдеу арқылы орындалатын күрделі шығармалардың әдіс-тәсілдерімен жұмыс.

Сабақтың мақсаты: Аспапта күрделі шығармаларды орындау арқылы, оқушының орындаушылық шеберлігін қалыптастыру.

Міндеттері

Білімділік: Оқушыға күрделі шығармалар туралы мағлұмат беру.

Дамытушылық: Оқушының аспапқа деген қызығушылығын дамыту.

Тәрбиелік: Оқушыға музыкалық білім бере отырып, жан-жақты тәрбиелеу

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, баяндау, іздендіру, аспапта орындау.

Сабақтың көрнекілігі: слайдтар, ұлттық аспап.

Сабақтың құрылымы:

1. Кіріспе бөлім. Өткен тақырыпты пысықтау (Құрманғазы «Саранжап»)
2. Қаралатын шығармамен жұмыс (М.Әубәкіров «Жас екпін»)
3. Қорытынды бөлім

Сабақтың барсы: Жаңа сабақ

Фортепианомен сүйемелдеу арқылы орындалатын күрделі шығармалардың әдіс-тәсілдерімен жұмыс.

-ұйымдастыру кезеңі

Жаңа сабаққа кіріспе:

-оқушының назарын тақырыпқа аудару (слайд 5 арқылы композитордың өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы шолу жасау)

Бүгінгі таңда - домбырада тек қана күй емес, фортепианомен қосыла «Фантазия», «Увертюра», «Поэма», «Концерт» сияқты күрделі шығармалар үйлесімді үндестікпен орындалып жүр. Ең алғаш осы тыңды игерген, профессор Х. Тастанов. Оның «Би, өзбек халық әні «Гүлхан», «Фантазия» шығармаларын білеміз. Ал кейінгі буын композиторлардың бірі, Х.Тастановтың шәкірті М. Әубәкіровтің «Жас екпін» шығармасы бүгінгі сабағымыздың қаралатын негізгі материалы болмақ. Әубәкіров Малғаджар - (5.5. 1934, қазіргі Алматы облысы Алакөл ауданы Қызылжар а. 10.7.1996, Алматы. /Слайд 6/Ол оқушы кезінде аттың құйрық-жалынан домбыра, қобызға ішек жасап, келекшекте домбырашы-композитор болатынын айтып армандайтын. 1950 жылы орта білім алған соң, Алматыдағы Құрманғазыатындағы мемлекеттік консерваторияға қабылданды. 1955 жылы Құрманғазы оркестрінде дирижер, 1956 жылы Құрманғазы консерваториясында ұстаздық жолын бастап, бүкіл өмірін сол оқу орнында өткізді. Арасында Жамбыл қаласында халық аспаптар оркестрін ұйымдастырып, Монғолияның Баян-Өлгей аймақтық музыкалық драма театрында кеңесші-дирижер қызметін атқарды. Оркестрге арналған «Көңілді жастар», «Құрман баба» поэмалары, домбыра үшін жазған «Тасқын», «Жас қанат» увертюралары, қобызға арналған «Қарақат», «Бала гүлім», «Сағыныш», «Қазақ биі» сияқты шығармалары бар. Ал «Жас екпін» - ұстазы Х.Тастановқа арналған. М.Әубәкіров ұстаз ұлағатын бұрмай, жалғастырған маман. «**Жас екпін**» - жеке жоспарлары арнайы концерттік шығарма. Автор шығармада - жастық шақты, құбылмалы да жігерлі, еш нәрседен қаймықпайтын қайсарлықты көрсете білген. Шығарманың бірден жоғары нүктеден басталуы да біріншіден, мазмұнына байланысты, екіншіден, бұл күй дәстүріміздің сиректеу кездесетін нұсқасы. Өте тез екпін, триольді қағыстар, құбылмалы динамикалық бояулар күрделі **үш бөлімді** шығарманың мазмұнын аша түседі. **Екінші бөлім** нәзіктік, сыршылдық әуенімен түрленеді. Автордың бұл жерде алға қойған мақсаты алынған тақырыпты дамыта отырып, орындаушының орындаушылық шеберлігін, техникасын кең түрде қолданады. 2-бөлімнен кейін **каденция**, жаңғырықты дыбыс флажолет әдісін қолданады. Бұл да домбырадағы ізденісі, жаңалығы. Каденция негізгі бөлімге қайта оралып,

үшінші бөлімге жалғасады. Бастапқы екпінде бір тыныста шығарма бітеді. Мұғалім шығарманы бөлім бойынша орындап беріп, оқушыға түсініксіз жерлерін: ырғағы, штрихтары, аппликатурасы жайлы жете түсіндіріп, шығарманың оқушыға қиын соққан жерлерімен жұмыс жасаймыз.

<i>Оқушы мен концертмейстердің орындауындағы қаралатын шығарма</i>	<i>Ұстаз шығармашылығы</i>	<i>Оқушы шығармашылығы</i>	<i>Нәтиже</i>
<p>М. Әубәкіров «Жас екпін» Композитор жайлы мағлұмат</p>	<p>Композитор жайлы мағлұмат Қаралатын, орындалатын шығарманың құрылымы 1-бөлім Жігерлі, екпіндете, қағыстарды шегелеп ойнап көрсету. 2-бөлім Аспапта орындап беру Қаралған шығарманы берілген қағыстармен (ерекше «пиццикаттоға») жеке тоқталып ойнату Аппликатураны тәжірибе жүзінде дұрыс көрсету, саусақтық техникасын жетілдіру, қиын тұстармен жұмыс. Шығарманың тремолоға жүретін бөліміндегі күрделі өлшемді жеке қарап, тоқталу. Ансамбльдік үйлесімділікпен жұмыс. Каденция Шығарманың мазмұны, сипаты, шарықтау шегі. 3-бөлім Динамикалық мәнерлеу белгілерімен жұмыс жасау. Соңғы бөліммен тұтас орындату.</p>	<p>Тыңдау, мүмкіндігінше сұрақтарға жауап беру 1-2 бөлім, каденция, 3 бөлім 1-бөлім Жігерлі, екпіндікте, қағыстарды шегелеп ойнап көрсету, екі ішекті тремолоға отыру. 2-бөлім Бір ішекті тремоло, пиццикаттоға жеке жеке тоқталу, тербеліс әдісін меңгеру, фортепиано сүйемелдеуімен ансамбльдік үйлесіммен жұмыс жасау. Каденция Саусақтық техникасын жетілдіру, еркін орындауға машықтану. Флажолетті барынша нақышына келтіру. 3-бөлім Шығарманы тұтас көркемдік мәнін ашып орындау. Шығарманы жаттау, қорғау.</p>	<p>Шығарманы тұтастай музыкалық талаптарымен орындау.</p>

Сабақты қорытындылау: Бүгінгі сабақта оқушыға аспап мүмкіншіліктерін, аспапта ойнау шеберлігін, сонымен қатар шығармадағы әдіс-тәсілдерді түсіндірдім. Оқушы сабақты түсініп, ынталы түрде шығарманы ойнады.